


ҚАРЖЫ-ҚҰҚЫҚТЫҚ КАТЕГОРИЯ РЕТІНДЕГІ САЛЫҚ

- 1. САЛЫҚ ҰҒЫМЫ  МЕН БЕЛГІЛЕРІ**
- 2. САЛЫҚ ЭЛЕМЕНТТЕРІ, ТҮРЛЕРІ
МЕН ФУНКЦИЯЛАРЫ**
- 3. САЛЫҚТЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ
ҚАТЫНАСТАР ЖӘНЕ САЛЫҚТЫҚ
МІНДЕТТЕМЕЛЕР**

Салық - мемлекет тарапынан біржақты шығарылған заңдардың негізінде, сол заңдарда нақты айқындалған мөлшерде және қатаң белгіленген мерзімдерде Республикалық немесе жергілікті бюджетті қалыптастыру мақсатында салықтық міндеттемелерін орындауға тиісті заңды және жеке тұлғалардан жүйеленген әрі тұрақты түрде мемлекеттік уәкілетті органдар алатын баламасыз, қайтарымсыз, ақшалай міндетті төлем.

Салық саясаты - мемлекеттің қаржылық қажеттіліктерін мемлекет пен салық төлеушілердің экономикалық мүдделері тепе-теңдігінің сақталуы негізінде қамтамасыз ету мақсатында жаңа салықты және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді белгілеу және қолданыстағыларының күшін жою, салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша ставкаларды, салық салу объектілері мен салық салуға байланысты объектілерді, салық базасын өзгерту жөніндегі шаралар жиынтығы.

**Салық бір мезетте материалдық,
экономикалық және заңдық категория бола
отырып аса күрделі көпжақты құбылысты
ұсынады.**

Салықтың заңдылық белгілері келесілер:

- 1) тек мемлекетпен қалыптастырылады**
- 2) тек құқықтық нысанда болады**
- 3) мемлекетпен біржақты бекітіледі**
- 4) салықты қалыптастыру салық міндеттемесін
туындатады**
- 5) мәжбүрлі сипатта болады салық төлемі ретінде
ақшаны алып қою құқыққа сай сипатта
болады**

Салықтың экономикалық белгілері:

- 1) қоғамдық жиынтық өнімді мемлекет пайдасы үшін бөлу**
- 2) ереже бойынша ақшалай нысанда болады**
- 3) салық төлеудің қайтарымсыздығы**
- 4) жекедей – баламасыздығы**
- 5) салық төлеу кезінде меншік нысанының өзгеретіндігі**

Экономикалық категория ретіндегі салықтың функциясы:

Фискальдық, рұқсат беруші, реттеуші, бақылаушы, жеңілдік беруші

Салықтың басқа да міндетті төлемдерден өзгешелігі – уәкілетті мемлекеттік органдардың заңдық мәні бар іс-әрекеттер жасағаны, мемлекеттік меншіктегі объектілерді пайдалану және мемлекет берген қызметті жүзеге асыру құқығына Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес рұқсат беру үшін бюджетке белгілі бір мөлшерде жүргізілетін міндетті ақша аударымдары (кеден баждарын қоспағанда, төлемақы, алымдар, баждар);

ҚР салық заңнамасы салық салу принциптеріне негізделеді. Олар:

- міндеттілігі,
- айқындылығы,
- әділдігі,
- салық жүйесінің біртұтастығы
- ҚР салық заңнамасының жариялылығы

Салық салу - бұл салықтарды алу мен қалыптастыру жөніндегі мемлекеттің қызметі.

Салық қызметі - бұл салық салуды ұйымдастыру мен оны қамтамасыз етуді жүзеге асыру жөніндегі мемлекеттің қызметі. Салық қызметі салық салумен байланысты ұғым б.т.


Салық қызметі белгілі бір әдістердің көмегімен жүзеге асырылады.

Салық қызметінің негізгі әдістері:

- 1) салықтарды қалыптастыру;**
- 2) салық төлеушілердің есебін жүргізу;**
- 3) кесімді салық түрлері бойынша салық салу объектілерінің есебін жүргізу**
- 4) кесімді салық түрлерін өндіріп алу;**
- 5) кіріс көздерінен салықтарды ұстап қалуды ұйымдастыру;**
- 6) Салық төлеушілердің анықталған категориялары үшін салықтық есептілікті қалыптастыру;**
- 7) Салық төлеушілердің салық міндеттемелерін орындағандығына бақылау жүргізу;**
- 8) Салық төлеушілердің салық міндеттемелерін орындауын қатмасыз ету бойынша шаралар жүргізу**

9) Мемлекеттің салық қызметінің ұйымдастыру

Салықтың негізгі элементтері:

- 1) салық субъектісі; 
- 2) салық объектісі;
- 3) салық базасы;
- 4) салық ставкасы;
- 5) салық кезеңі;
- 6) салық есептеу тәртібі;
- 7) салық төлеу тәртібі;
- 8) салық жеңілдіктері.

Салық базасын анықтаудың негізгі әдістері:

- 1) тікелей тәсіл;**
- 2) “ұқсастығы бойынша” тәсілі;**
- 3) жанама тәсіл;**
- 4) шартты;**
- 5) тұтастық тәсіл.**

Салық сомасын анықтау тәсілі бойынша салық ставкалары бөлінеді:

- 1) теңестірілген;**
- 2) кесімді;**
- 3) пайыздық.**

Қолданылу сипаты бойынша салық ставкасы бөлінеді:

- 1) жалпы;**
- 2) төмендетілген;**
- 3) жоғарлатылған.**

Салықты есептеудің сатылары:

- 1) Салық салу объектісінің есебін жүргізу;**
- 2) Салық салу объектісіне салықты есептеу, салық базасы;**
- 3) Қолдануға жататын салық ставкасын анықтау;**
- 4) Салық жеңілдіктерін қолдану;**
- 5) Салық сомасының есебі.**

Еліміздегі салықты өз бетінше төлеудің тәсілдері:

- декларация негізінде;
- салық ескертпесінің негізінде;
- өз бетінше аудару мен салық төлемін жүргізу жолымен;
- бір реттік талон алу жолымен;
- патент сатып алу жолымен;

Мәжбүрлеу тәсілінің негізінде салық төлеу:

- Табыс көзінен ұстап қалу;
- Салық төлеуден жалтарушы тұлғадан мәжбүрлеп өндіріп алу;

Салықтар түрлі негіздер бойынша жіктеледі:

1. Салық жүктемесі бойынша:

тікелей және жанама

2. Нысанына байланысты:

ақшалай және натуралды

3. Салық субъектісіне байланысты:

Заңды және жеке тұлғалардан

4. Аумақтық деңгейіне байланысты:

Жалпы мемлекеттік және жергілікті

5. Бюджеттік реттеу әдісін қолдануға

байланысты: бекітілген және реттелетін

Салықтың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түрлері:

1) салықтар:

- корпоративтік табыс салығы;**
- жеке табыс салығы;**
- қосылған құн салығы; - акциздер;**
- экспортқа рента салығы;**
- жер қойнауын пайдаланушылардың арнаулы төлемдері мен салықтары;**
- әлеуметтік салық; - көлік құралы салығы;**
- жер салығы; - мүлік салығы;**
- ойын бизнесі салығы; - тіркелген салық;**
- бірыңғай жер салығы;**

2) бюджетке төленетін басқа да міндетті т.:

- мемлекеттік баж; - алымдар; - тіркеу алымдары;

- автокөлік құралының Қазақстан Республикасы

аумағымен жүргені үшін алым; - аукционнан алынатын алым; - жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым; - телевизия және радио тарату ұйымдарына радиожиилік спектрін пайдалануға рұқсат беру үшін алым;

- жер учаскесін пайдаланғаны үшін; - үстіңгі көздерден су ресурсын пайдаланғаны үшін; - қоршаған ортаға эмиссия үшін; - жануарлар әлемін пайдаланғаны үшін; - орманды пайдаланғаны үшін; - ерекше қорғалатын табиғи аумақты пайдаланғаны үшін; - радиожиилік спектрін пайдаланғаны үшін; - қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын, сондай-ақ ұялы байланысты бергені үшін;

- кеме жүзетін су жолдарын пайдаланғаны үшін; - сыртқы (көрінетін) жарнаманы орналастырғаны үшін төлемақылар

Салықтық құқықтық қатынастардың белгілері:

- 1. Материалдық салықтық қатынастарды мемлекеттік құқықтық реттеудің нәтижесінде және тек салық салу аясында ғана туындайды;**
- 2. Ұлттық табыстың мемлекетке тиесілі бөлігін алуымен байланысты қайта бөлу процесінде туындайды;**
- 3. Мемлекет кірісін қалыптастыру барысында туындайтын болғандықтан экономикалық қатынастардың айрықша түріндегі базистік қатынастар қатарына жатады;**
- 4. Құқықтық қатынастың объектісі өздеріне жүктелген міндеттеме бойынша салық сомасын мемлекет кірісіне аударуына байланысты салық төлеушілердің әрекеттері б.т.**

5. Құқықтық қатынастың субъектілері салық құқық қабілеттілігі бар, сондай-ақ салықтық әрекет қабілеттілігіне ие болған тұлғалар б.т.;

6. Құқықтық қатынастың тұрақты әрі міндетті объектілері ретінде мемлекеттің біртұтас өзі немесе өзі өктем өкілеттіктер берген уәкілетті органы көрніс табады;

7. Материалдық және ұйымдастыру қатынастары б.б.;

8. Ұйымдастырушылық қатынастар мемлекеттің салықтық құрылымын қалыптастыру оған жағдай жасау, субъектілерінің өзара қарым қатынасы жатады.

Салық төлеуші салық міндеттемесін орындау үшін мынадай іс-әрекеттер жасайды:

- 1) салық органында тіркелу есебіне тұрады;**
- 2) салық салу объектілерін және (немесе) салық салуға байланысты объектілерді есепке алуды жүргізеді;**
- 3) салық салу объектілерін және (немесе) салық салуға байланысты объектілерді, салық базасы мен салық ставкаларын негізге ала отырып, салықтың және бюджетке төленуге жататын басқа да міндетті төлемдердің сомасын есептейді;**
- 4) салық тіркелімдерін қоспағанда, салықтық нысандарды жасайды және белгіленген тәртіппен салық қызметі органдарына табыс етеді;**
- 5) салықтың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің есептелген және есепке жазылған сомасын, салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша аванстық және ағымдағы төлемдерді төлейді.**

Салық міндеттемесінің тоқтатылуы:

1. Жеке тұлғаның салық міндеттемесі:

1) қайтыс болғанда;

2) күшіне енген сот шешімі негізінде оны қайтыс болды деп жариялағанда тоқтатылады.

2. Дара кәсіпкердің салық міндеттемесі дара кәсіпкер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қызметін тоқтатқаннан кейін тоқтатылады.

3. Заңды тұлғаның салық міндеттемесі:

1) таратылғаннан кейін;

2) қосылу (қосылған заңды тұлғаға қатысты), бірігу және бөліну жолымен қайта ұйымдастырылғаннан кейін тоқтатылады.